

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

превратился в героя ойратского эпоса. Сам Батур-хунтайши недолго пережил своего врага, и скончался уже зимой следующего года. После их смерти, Орбулакская битва состоявшийся между ними, было запомнена на долгие времена. Это и было первым всплеском между казаходжунгарскими отношениями. По истине историки считают данную победу одним из самых важнейших событий в казахской истории, в то время как другие относят ее к легендам и сказкам. Известный русский востоковед Иакинф Бичурин охарактеризовал предание об Орбулакской битве как: «чистую киргиз-казачью (казахскую) сказку» [8, с. 55]. Но любопытно то что именно эту сказку нам рассказали не сами казахи, а русские посланники, и это остается фактом. Возможно они не стремятся понять то, что победа была достигнута в результате четкой организаций обороны, чему, безусловно, предшествовал тщательный и хладнокровный расчет по всем правилам военной науки.

Список использованных источников и литературы

1. Султанов Т. Поднятые на белой кошме. Ханы казахских степей» // ТОО «Астана Даму-21», Астана: 2006. С. 227.
2. Темиргалиев Р. АК ОРДА. ИСТОРИЯ КАЗАХСКОГО ХАНСТВА изд. ASPANDAU PUBLISHING – Алматы 2019; С. 306-317.
3. Моисеев В.А. Джунгарское ханство и казахи - Алма-ата: Гылым, 1991. С. 43-45.
4. Русско-монгольские отношения // 1636-1654 // Сборник документов // vostlit.info/Texts/Dokumenty/Mongol/Rus_mong_2/ Д. 38-64.
5. Темиргалиев Р. Казахи. Путь предков. изд. ASPANDAU PUBLISHING – Алматы 2019; С. 240-242.
6. Тынышпаев М. Киргиз-казахи в XVII и XVIII веках» (дополнение к «Материалам к истории киргиз-казакского народа»): Ташкент, 1925. С. 5.
7. Златкин И.Я. История джунгарского ханства.- Москва: Наука, 1983. С. 131-132.
8. Бичурин Н.Я. Историческое обозрение ойратов или калмыков // Санктпетербург, 1854 г. С. 55.
9. Раднабхадра Лунный свет: История рабджам Зая-пандиты // Санкт-Петербург, 1999. С. 71.

ӘОЖ 93/94

XX ҒАСЫРДЫҢ І ЖАРТЫСЫНДА ҒЫЛЫМ-БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫ

Саутова Бопежан Каирбековна

Ескендиоров Диас

bopezhan.2002@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 3 курс студенттері, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі — Жылқыбаев К.Д.

XX ғасырдың басында қазақ әйелдері арасында оқығандары санауы еді. Алайда, олар — білім алуға ерте талпынып, көптеген қиындықтарға қарамастан өзінің көздеген арманына жеткен арулар. Оқыған қазақ қыздары Алашқа қызмет етуді парыз санаған, қазақ мектептеріне оқулық жазып, тәлім-тәрбие берген. Өздерінің артынан шәкірт тәрбиелеу ісін қолға алған. Оқыған нәзік жандылар қатарына Нәзипа Құлжан, Аққағаз Досжанқызы, Гүлсім Асфендияр, Ғайнижамал Дулатова сынды қазақ арулары жатады. Өткен ғасырдың көрнекті қайраткерлері жайлы сөз қозғағанда қазақ қыздарының есімі, қазақ үшін еткен қызметі көбіне елеңбей, аталмай кетеді. Алашқа қызмет еткен қыздардың есімі, елі үшін еткен ерең еңбегі тарихта өз орнын алуы тиіс деп санаймыз.

Алаш арулары жайлы Қайрат Сақ, Елдос Тоқтарбай, Ж.Қаңтарбаева, С.Негимов, А.Әлжанов т.б. ғалымдар өз еңбектерінде зерттеп кеткен. Міржақып Дулатұлының қызы

Гүлнар «Шындық шырағы» атты естелік-эссесінде алаш зиялыларының жұбайлары жайлы, оқыған, білім алған қазақ қыздары жайлы өзінің естеліктерін жазып қалдырған.

Қазақ қыздарының білім алуы, әйел теңдігі мәселесі алғаш Алаш зиялылары тұрғысынан бастау алады. Әйел мәселесінде «Бақытсыз Жамал», «Ақбілек» секілді романдар жазылды. Қазақ жазушысы Мұхтар Әуез «Адамдық негізі әйел» мақаласында: «Әкеміз қанша жерден ғалым болса да, тәрбиені тезек теріп жүрген анамыздан аламыз», - деп қазақ әйелінің оқу мәселесі маңызды екенін атап көрсетеді [1].

Алаш аяулыларының қатарында дәрігерлік білім алып, ғылым-білімге үлес қосқан шоқтығы биік есімдер ретінде: алғашқы дәрігер қыз Гүлсім Асфендиярдың, «дәрігер, ғалым-зерттеуші» атанған Аққағаз Досжанқызының, қазақ қыздарынан шыққан алғашқы тіс дәрігері Мүбина Ибрагимқызының, медицина ғылымдарының докторы, профессор, майор шеніндегі әскери дәрігер Зейнеп Әлиханқызының есімдерін атай аламыз.

1902 жылы Түркістан генерал-губернаторы түркістандық қыздардың Қыздар медицина институтында оқуы үшін 10 степендия тағайындады. Оның ішінде екі қазақ қызы бар еді. Бірі генерал-майор Сейітжаппар Асфендиярдың қызы Гүлсім Асфендиярова, екіншісі подполковник Садық Әбдрахмановтың қызы Зейнеп Садыққызы.

Гүлсім (Үммі-Гүлсім) Сейітжапарқызы — жоғары медициналық білім дипломы бар алғашқы қазақ қызы, Санжар Асфендиярдың туған әпкесі. Ташкент әйелдер гимназиясын, Санкт-Петербург қыздар медицина институтын тәмамдап, Сырдария облысы Шымкент уезінің 3-участкісінде дәрігер болып тағайындалады. Кейін Ферғана облысы Пап селолық учаскелік ауруханасына жұмысқа орналасады. 1913 жылы Хиуа ауруханасында әйелдер бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарған. Сол жылғы есеп бойынша 2739 аурудың 1162-і әйелдер еді. Гүлсім Асфендиярова орыс дәрігері А.Анисимовпен бірге алғаш рет сегіз айлық жүкті әйелдің жатырына операция жасап, жас ана мен нәрестенің өмірін ажалдан құтқарып қалған [2, 73-74 б.]. Тұрар Рысқұлов Мұсылмандар бюросының қолдауымен 1920 жылы Гүлсім Асфендияроваға әйелдерге арналған акушерлік-гинекологиялық мектеп ұйымдастырады. Сол кезден Гүлсім жастарға дәріс оқып, білім бере бастайды. Кейін бұл мектеп Ю. Ахунбабаев атындағы медициналық техникумға қосылды. Өмірінің соңына дейін осы техникумда дәріс беріп өтеді. Шәкірттерінің арасынан Орта Азия мен Қазақстанның көрнекті ғалымдары өсіп шыққан. Гүлсім Асфендиярова Ташкентте шығып тұрған «Туркестанский листок», «Туркестанские ведомости» деген газеттерге «Әйелдерге кеңес» деген айдармен мақалалар жариялайды. Оның мақалаларын «Ақжол» газеті көшіріп, басып отырды. Мемлекеттік қызметтен кеткеннен кейін Ташкенттің Алмазар көшесінде отыз орындық перзентхана ашқан.

Аққағаз Досжанқызы—қазақтың ішінен шыққан тұңғыш дәрігер қыздардың бірі, «Қазақ» газетінің редакциясында қызмет еткен үш қыздың қатарында болған, алғаш безгеке қарсы вакцина ойлап тапқан, аштық тұсында да қазаққа пайдасын тигізуді ойлаған парасатты қазақ қызы [3, 113 б.].

Аққағаз Орынбор гимназиясын озат аяқтаған кезде қазақ қызының бұл жетістігін «Оренбургский Вестник» газетіне мақала жазып ерекше мақтанышпен халыққа жеткізеді. Аққағаз— дәрігер болумен қатар әйел теңдігі мәселесін қозғаған күрескер жан. 1917 жылдың 1-8 мамыр күндері Мұсылмандардың бүкілресейлік съезіне қатысып, биік мінберден мұсылман әйелдердің арын арлап, орыс тілінде баяндама жасаған еді. Оның жазбалары «Әйел теңдігі», «Абай», «Жас Азамат» тәрізді журналдарда тұрақты жарияланып тұрды [3, 113 б.]. Бұл—Аққағаздың қазақ баспасөзіне де үлес қосқанының айқын белгісі.

Ол Түркістан мемлекеттік университетінде оқып жүріп, сабақтан тыс уақытта қалалық акушерлік-гинекологиялық клиникаға ординатор болып қызмет етті. Қоғамдық істерге белсене араласып, панасыз балаларды қамқорлығына алып, оларды балалар үйіне орналастыру жұмысында айрықша көзге көрінеді. Сонымен қатар, Аққағаз жетім балаларды емдеген, себебі балалардың көпшілігі тері ауруына ұшыраған болатын.

1922 жылы Аққағаз Досжанқызы Түркістан мемлекеттік университетін аяқтағанын «Жоғарғы басқыш мектепті, САГУ-дің медицина факультетін бітірген бүкіл шығыстың

тұңғыш қызының күні» деген атпен атап өтіп, Сұлтанбек Қожан Ташкенттегі бар қазақ зиялысын өз үйіне жинап, дастархан жаяды. Бұл жиынға Х.Досмұхамедұлы, М. Жұмабай, М.Әуез, Т.Рысқұл, Б. Сүлейұлы, Н. Төрешұлы, М. Тынышбай тағы басқа қазақ зиялылары қатысқан. Сол отырыста Түркістан Республикасы Халық комиссарлары Кеңесінің төрағасы Тұрар Рысқұл арнайы қаулы қабылдап, Түркістандағы Орталық Азия университетінде оқып жүрген жергілікті ұлт қыздарына «Аққағаз Досжанқызы» атындағы шәкіртақы тағайындайды [8].

Аққағаз 1921 жылы 11 қыркүйекте Степная правда газетіне ел ішінде белен алған жұкпалы аурулардың қауіпі туралы «Түркістан» деген мақаласы жарық көрген.

Соңғы табылған деректер бойынша, Аққағаз Досжанова Батыс Алашорда әскерінің барлаушысы қызметін де атқарған. Ол туралы башқұрттың атақты қоғам қайраткері З.У.Тоғанның естеліктерінде жазылған. Ол естеліктер бойынша Аққағаз Мәскеуде оқып жүрген кезінде Мәскеудегі саяси ахуал туралы ақпараттарды Әліби Жангельдинге жіберіп отырған екен. Осындай өжет қазақ қызының ұлты үшін еткен ерең еңбегі мен есімі Тәуелсіз ұрпақ ұранымен қайта ұлықталуға тиіс.

Дәрігерлік ғылымның өркендеуіне Ұлт көсемі Әлиханнның қызы Зейнептің орны ерекше. Зейнеп Бөкейхан «Түсік тастаудың әлеуметтік-гигиеналық проблемасы» атты докторлық диссертациясын сәтті қорғап, медицина ғылымының докторы ғылыми дәрежесін иеленген. Зейнептің «Отбасының әлеуметтік-гигиеналық аспектілерін реттеу» атты монографиясы бар. Бұл монография СССР тарихындағы түсік тастау мәселесіне орай жазылған №1 еңбек болып саналады. Әлі күнге дейін Ресейдің медициналық оқу орындарында осы еңбекті басшылыққа алып, оқу процессінде қолданады екен. Зейнеп ақтық демі таусылғанша СССР медицина саласына айрықша үлес қосты. Алайда, оның ашқан ғылыми жаңалығына көзінің тірісінде билік тарапынан әлденеше рет тиым салынған болатын. Оны жұмыстан талай рет шығарды, ғылыми жаңалығын мойындамады [3, 174-175 б.]. Әлихан Бөкейхан нақақтан-нақақ атылғаннан кейін оның ұрпақтарына да оңай болмады. Елизавета мен Смағұл Садуақастың он алты жастағы жалғыз ұлы Ескендірді жасын ұлғайтып көрсетіп, Мәскеу түбіндегі шайқасқа алып кетеді. Зейнеп жалғыз баласының соңынан майданға аттанады. Лиза өзі жоғары білімді әрі ғылыми дәрежесі болғандықтан оған бірден офицер шенін берген. Майданнан оралған соң 1971 жылға дейін Мәскеуде ғылыми зерттеу институтында еңбек етті. Ғылым докторы санитария және гинекология саласы бойынша 7-8 кітап жазған.

Педагогика саласындағы қазақ қыздарының жетістіктері аз емес. «Қазақ» газетінің 1913 жыл №15 (23 мамыр) санында «Қазақ ішінде алғашқы мұғалиманың алғашқы мектебі» атты мақала жарияланған. Мақалада: «Семей-Зарешной слаבודкасында бала оқып тұрған мұғалім Мұстақым мырза Малдыбаевтың жары мұғалима Ғазиза ханым карамағындағы әйел балалар мектебінде болып, қыз-қатындар көп жиналды. Емтиханшылардың ішінде Мәрсековтің жамағаты Рахима ханым, ушител Н.Құлжановтың жары Нәзипа ханымдар болды. Әйел балалар шамаларынша оқығандарының үстіне қолөперлерін де үйренген екен. 35 әйел балаға оқу-жазу білдіріп, қолөнер үйреткендігі үшін жиылған ханымдар, бәйбішелер мұғалима Ғазиза ханымға көп алғыс беріп, риза болып тарқасты. Әйел балаларымыздың оқу, жазу білулері, оның үстіне шешелері алдында емтихан берулері тоңған көңілдерімізді жібітсе керек», - делінген [4]. Бұл мақаладан Ғазиза Малдыбай, Нәзипа Құлжан сынды аяулыларымыздың өзі ғана білім алмай, елдің ертеңі үшін артынан шәкірт қыздар тәрбиелегенін көреміз.

Григорий Потанин қазақ жеріне келген іссапары туралы «Уақыт» газетінде: «Қарқаралыдан оңтүстікке қарай 90 шақырым жерде ауыл бар. Мен ол ауылдан алтын жиектелген көзілдірік киген, әдемі киінген қазақ әйелін кездестірдім. Бұл жергілікті қазақ мұғалімінің әйелі болып шықты. Олар Қостанайдан ауыл балаларын оқытуға келген. Білімді, әдептілікке баулыған ханым өзін қоғамға қызмет етуге, ауылдағы балаларды оқытуға арнаған, жұбайы екеуі жұмысынан ләззат алады», - деген.

Ұлттық мәдениет, әдебиет, ғылым тарихында көрнекті педагог-оқымысты, журналист-көсемсөзші, жазушы әрі аудармашы Нәзипа Құлжанның болмысы бөлек. Нәзипа— Алаш

қозғалысының белді мүшесі болған, болашақ үшін қыруар іс атқарған қазақтың оқыған қызы. 1917 жылы Семейде өткен съезіне қатысып, төралқа құрамында болған. 1920 жылы Қазақ АКСР Халық ағарту комиссиариатының қазақ тіліндегі оқулықтар, кітаптар шығару ісі жөніндегі комиссияның мүшесі болған. А.Байтұрсынұлы жасаған жаңа қазақ әліпбиін енгізу жөніндегі комиссияның мүшесі болып та қызмет атқарған [3, 120 б.].

Нәзипаға арнап С.Сейфоллаұлы, А.Байтұрсынұлы, С. Торайғырұлы өлең арнаған.

Ахмет Байтұрсынұлы:

«Рақатсыз өтсе де өмір жасым,

Бұл жөнімнан Құдайым айырмасын.

Ұзақ жолға ниет қып бір шыққан соң,

Жарым жолдан қайтпаспын, қарындасым!»,- деп Нәзипаны өз жырына қосады.

Нәзипа — ұлттық педагогика ғылымының қалыптасуы мен дамуына үлес қосқан зерделі зерттеуші. Еңбектерінде әйел теңдігі мәселесін, ана мен бала мәселесін, тәрие жайлы сөз қозғаған. Оның қолынан «Мектептен бұрынғы тәрбие», «Ана мен бала тәрбиесі» дейтін кітаптар жарық көрді. «Мектептен бұрынғы тәрбие» туындысында баланың табиғи қалпын бұзбай тәрбиелеу, бойына көркем мінез дарыту жайлы жазды [6]. Ол 1927 жылы Шолпан Иманбаеваның таңдамалы шығармалар жинағын шығарады. Нәзипа Құлжанова Абайдың ақындық мұрасын қазақ және орыс халқы арасында насихаттаушының бірі болды. Ол Абайдың «Махаббат туралы», «Желсіз түнде жарық-ай» өлеңдерін орыс тіліне аударды. Соңғы аударылған өлеңі 1915 жылы «Сибирский студент» журналына басылды. Нәзипа Құлжанова ұйымдастырған екінші ірі іс-шара – 1915 ж. 13 ақпанда өткізілген әдеби-музыкалық қайырымдылық кеші еді. Бұл оқиға жайында «Айқап» және «Қазақ» журналдары шағын мақала жазды. Нәзипа Құлжанованың әдеби-музыкалық кешін өткізу тәжірибесі ұлттық театрды қалыптастыруда қолданылды. Ол өз қызметінде жастар тәрбиесі мен халықтың мәдени жаңғырту мәселелерін көтерді [10].

Нәзипа Сегізбайқызы Александр Затаевичке «Ғайни-ай, сәулем», «Қыздардың зары», «Жылқылы бай» әндерін жаздырған. Бұл әндер кейін А.Затаевичтің «1000 песен казахского народа» атты кітабына еніп, қазақ өнерінің алтын қазынасына айналды [7, 7 б.].

Саналы ғұмырын қазақтың келешегіне арнаған Нәзипаның еңбегі өз заманында елеңіп, «Айқап» газетінің 1915 жылғы № 5 санында: «Біздің қазақта ұлтқа қызмет еткен әйелдің алды Нәзипа ханым болып шежіреді жазыларға тиіс», - делінген.

Қазақтан шыққан алғашқы әйел-мұғалім—Хұсни-Жамал Зұлқарнайқызы. Ол—Жәңгір ханның немересі, репрессия кезінде атылған үш қазақ қызының бірі—Шахзада Шонанованың анасы. Ол ХІХ ғасырдың аяғында, 1894 жылы, қазақ қыздарына арнап Бөкей ордасында мектеп ашқан, талай талантты шәкірттер тәрбиелеген қазақ қыздарының арасынан шыққан алғашқы ағартушы ұстаздардың бірі. Қазақтың қайраткер қыздары – Алма Оразбаева, Рәзия Мендешова, Әмина Сүлейменова осы Хұсни-Жамал Зұлқарнайқызының мектебінен өткен. Мәншүк Мәметованың анасы Әмина Мәметова: «Мен бастаған ісімді аяқсыз қалдырмай, қалайда аяқтап шығатындай тиянақты болуды Хұсни-Жамал апайдан үйрендім», - деп еске алатын көрінеді.

Хұсни-Жамалдың Шахзада есімді қызы болған. Шахзада Аронқызы Қызылдордада Халық ағарту комиссариатының мектепке дейінгі балалар тәрбиесінің нұсқаушысы болған. Педагогикалық ғылыми-зерттеу институтында жауапты хатшы (А. Байтұрсын ашқан институт), Ұлттық мәдениет ғылыми-зерттеу институтында кіші ғылыми қызметкер, Халық ағарту комиссариатында ғылыми қызметкер, бастауыш және орта мектеп бөлімінің ғылыми хатшысы, кейіннен әдіскер-кеңесші болып қызмет атқарған [9].

Шахзаданың жолдасы қазаққа белгілі тілші-ғалым, Алаш қайраткері Телжан Шонанұлы. Телжан — Ахмет Байтұрсынның бас шәкірті, ұстазымен бірлесе методикалық кітап жазған азамат. Шахзада Аронқызы күйеуі Телжан Шонановпен бірге халық ағарту комиссары Темірбек Жүргенов басқарған диверсиялық топтың құрамында 1936 жылы ҚазМУ-дың ғимаратын өртемек болды деп айыпталады. Белгілі алаштанушы ғалым Елдос Тоқтарбай «Қайран, Шахзада!» атты эссе-реквиемінде былай деп жазады: «Шахзаданың тағдыры тым

ауыр болған. 1938 жылғы 27 ақпанда күйеуі Телжан ату жазасына кесіледі. Араға 10 күн салып, бейбақ қыздың өзі де атылады (9 наурыз). Е, қайырсыз ғұмыр!». Шахзада—репрессия кезінде атылған 25 мың зиялының ішіндегі үш қазақ қызының алғашқысы. Гүлнар Міржақыпқызы алғаш рет «Бақытсыз Жамалды» Шахзададан естігені жайлы өз естеліктерінде жазып қалдырған [5].

XX ғасырдың басында «Қазақ», «Айқап» сынды газет-журналдар жарық көріп тұрды. Осы мерзімді басылымдарда да қазақ қыздарының орны ерекше. 1914 жылы «Қазақ» газеті Орынбордан шығып тұрған кезінде редакцияда үш қыз істеген. Міне, осы үш қыз— Ғайнижамал Дулатова, Аққағаз Досжанова және Гүлайым Балғынбаева болатын. «Қазақ» газетіндегі үш қыздың бірі — Ғайнижамал Досымбекова. Ғайнижамал—Міржақып Дулатұлының жары, қазақтың Сыздық Өтегенұлындай оқыған азаматының қызы. Гүлайым Балғынбаева Германияда білім алған қазақ қызы. Алаш қараткері Мұхтар Мұрзиннің жары болған.

«Айқап» журналы қазақтың тұңғыш журналист қыздарының буынын қалыптастырды. Журналда Сақыпжамал Тілеубайқызы, Мәриям Сейдалина, Күләйім Өтегенқызы сынды қазақ қыздарының мақалалары, өлеңдері жарық көріп отырған.

Мәриям Сейдалина (1891-1916) - белгілі заңгер Жансұлтан Сейдалиннің қызы. Жастайынан ақындыққа бейім болып өседі. «Айқап» журналына ұлт жоғын жоқтаған мақалаларымен қатар, «Зарлау», «Көздер», «Тұр, қазақ!» секілді отты жырларын жариялады.

Сақыпжамал Тілеубайқызы еркіндік, әйел бостандығы, өнер-білім секілді мәселелерді қозғады. «Айқапта» Сақыпжамалдың «Қазақ қыздарының аталарына», «Мұндастарыма бір-екі сөз», «Ұзақ күткен үмітім һәм бас адамдарға бір-екі сөз» секілді мақалалары және «Қазақ қыздарына», «Қыз батасы» секілді өлеңдері жарияланды. 1911 жылы жарық көрген «Қазақ қыздарының аталарына» деген мақаласында Сақыпжамал: «Шариғат бұйрығынша, ер бала мен қыз бала тең болуға тиісті. Ер баланы артық көріп тәрбие қылсын да, қыз баланы кем көріп тәрбие қылмасын деген шариғат бар ма? Қыз баланы кемге тұтыну жаһиттік белгісі емес пе?» деп жазды. Осылайша, журналист қазақ қыздарының қалың малға сатылып, сүймеген адамына еріксіз ұзатылатындығын сынға алды.

Күләйім Өтегенқызы да әйел мәселесі жайлы жазды. Оның «Қазақ қыздарына» деген өлеңі 1912 жылы «Айқапқа» жарияланған. Өлеңде:

«Арғымақ бір есекке қосақталды,

Солайша болғаннан соң өткен заман.

Әкемнің бетіне шіркеу болады деп.

Тірі де шын азапқа кеткен жаман.»- деп қазақ қыздарының қалың малға сатылып кететінін жазып, бұдан ғибрат алуға шақырады.

Қорытындылай келе, XX ғасырдың басында қазақ қыздарының оқу-білімге, ғылымға дең қоя бастағанын айта аламыз. Оқыған қазақ қыздары еліміздің ертеңі, ғылым-білім жолында қыруар еңбек еткен. Олар алғаш рет әйел денсаулығы мәселесіне көңіл бөліп перзентханалар сала бастады. Әйел адамның білім алуының маңызын терең ұғынып, педогогика саласында да бірқатар жетістіктерге жетті. Қазақ қыздары тарапынан педагогика, медицина, әйел мәселесіне арналған еңбектер, ғылыми диссертациялар қорғалды. Журналистика саласында мерзімді басылымдарда қазақ нәзік жандыларының мақала, өлеңдері жарияланып, әйел адамның қоғамдағы орны жайлы, әйел теңдігі мәселесі терең қозғала бастады. Қазақ жазушысы Мұхтар Әуез: «Адамды хайуандықтан адамшылыққа кіргізген – әйел. Адам баласының адамшылық жолындағы таппақ тарақияты әйел халіне жалғасады. Сол себепті әйелдің басындағы сасық тұман айықпай халыққа адамшылықтың бақытты күні күліп қарамайды. Ал, қазақ мешел болып қалам демесең, тағлімінді, бесігіңді түзе! Оны түзейім десең, әйелдің халін түзе!», - деген сөзі бар [1]. Әйел адамның қоғамда алар орны ерекше. Олардың интеллектуалды тұрғыда жетілуі қоғамның алға жылжуына әкеледі. XX ғасырдың жартысында қалыптасқан оқыған қазақ қыздары «қазақ қыздары оқымаған, қараң» деген қағиданы жойды. Олар білім алып қана қоймай артынан ғалым, доктор қыздарды тәрбиеледі. Олар — саналы ғұмырын салиқалы істерге жұмсаған Алаш оқығандарының бірегейлері.

Тәуелсіз ұрпақ олардың есімдерін ұлықтап, артынан қалдырған еңбектерін қайта жаңғыртуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Әуезов М. Адамдық негізі— әйел// Сарыарқа. -1917. - 5 қыркүйек. № 12
2. Әлжанов А. Алғашқы қарлығаштар.– Астана: Арыс, 2007. - 112 б.
3. Тоқтарбай Е. Жарық сәуле.– Алматы: Дәуір, 2019. – 349 б.
4. Тілші. Қазақ ішінде алғашқы мұғалиманың алғашқы мектебі// Қазақ. -1913. – 23 мамыр. № 15
5. Дулатова Г.М. Шындық шырағы. - Алматы: Мектеп, 2013. – 405 б.
6. Негимов С. Ізгіліктің шырағы, сұлулықтың шынары// Ақиқат. -2017. -№ 8. – 61-64 б.
7. Ағарту ісінің қарлығашы: ағартушы, педагог, журналист, аудармашы Нәзипа Құлжанова туғанына 135 жыл /: библиографиялық көрсеткіш /Арқалық қаласындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы, Әдістеме-библиография бөлімі. – Арқалық, 2022. – 36 б.
8. <https://e-history.kz/kz/news/show/1123>
9. <https://e-history.kz/kz/news/show/33644>
10. <https://imena.pushkinlibrary.kz/kz/d-alashkz/1621-.html>

УДК 93/94

УРОЖЕНЦЫ АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ В ПАРТИЗАНСКОМ ДВИЖЕНИИ БЕЛАРУСИ

Танабергенов Данияр Сисенбаевич

daniyar1314@mail.ru

Студент 2-го курса исторического факультета ЕНУ им. Л.Н.Гумилева

Астана, Казахстан

Научный руководитель - Г.Т. Мусабалина

Великая Отечественная война занимает важнейшее место в истории Казахстана и Беларуси. В этих странах с бережностью относятся к прошлому, проводятся различные мероприятия по сохранению исторической правды. На одном из таких мне посчастливилось побывать в Минске, я был участником 58 интернационального Звездного похода по местам боевой и трудовой славы белорусского народа. Данное мероприятие стало традицией, проводимой из года в год Белорусским Государственным Педагогическим университетом им. М.Танка. В нем принимали участие не только жители Беларуси, но и России, Казахстана, Узбекистана, Туркменистана и Азербайджана. В ходе похода мною были посещены множество мемориальных комплексов, воздвигнутых в честь подвигов воинов в годы

Более 78 лет прошло с момента освобождения белорусской земли от немецко-фашистских захватчиков. Важнейшей частью борьбы с врагом стало партизанское движение. Как социальное явление оно объединило под собой представителей разных национальностей: русских, киргизов, белорусов, азербайджанцев, украинцев, узбеков, татар, туркмен. Большую роль в борьбе с фашистами сыграли и уроженцы Актюбинской области.

В данной статье будут рассмотрены биографии партизан, действовавших на территории Беларуси. На момент написания статьи на сайте «Партизаны Беларуси» выложена информация о 63 партизан Актюбинской области. Данная цифра не может быть окончательной ввиду того, что некоторые партизаны могли не оставить после себя документов, пропасть без вести или информацию про него не занесли на сайт.

Усман Акильбеков родился в 1907 в ауле №7, Шалкарского района, Актюбинской области. С самого раннего детства Усман столкнулся с трудностями, в возрасте 7 лет он осиротел. В период с 1930 по 1933 годы проходил обучение в Объединённой Средне-